

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 26 шілдесіндегі
№ 15 отырыс хаттамасы)

Б е к і т і л д і

2012 жылдың 27 шілдеден бастап

Қолданысқа енгізілді

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Алматы қ.

2011

Осы Ақпараттық саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның ақпараттық саясатқа, соның ішінде Биржаның ақпарат ашуының негізгі ұстанымдарын, Биржаның ақпараттар ашуының тәртібі туралы негізгі қағидалары және оның басқа тұлғалармен ақпараттық қарым-қатынасы, Өзге тұлғалардың Биржа брендіні пайдалану қағидаларын анықтайды.

1 тарау. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҰСТАНЫМДАР

1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Биржаның ақпараттық саясаты деп Биржаның барлық мүдделі, сондай-ақ солардың көмегімен Биржаның жағымды имиджі және позитивті іскери беделін қолдайтын тұлғаларға, Биржа ақпараттарын берудің ұстанымдар және процедуралар жүйесін түсіну керек.
2. Биржа ақпараты деп Биржа немесе Биржаға тарату үшін беретін, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес немесе Биржамен жасалған келісім-шарттық қарым-қатынастар күшінде, оның серіктестері, осы ақпарат көзі болып табылатын, ақпараттарды түсіну керек.
3. Осы Саясаттың мақсаттары үшін:
 - 1) Биржаның серіктестері деп бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілген оның мүшелері, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ және басқа да Бижамен келісім-шарттық және өзге де, қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастыруға қатысы бар, іскери сипаттағы қарым-қатынастармен байланыстағы өзге де ұйымдарды түсіну керек.
 - 2) реттеушілер деп, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қаржы нарығында реттеу қызметін жүзеге асыратын, мемлекеттік органдарды түсіну керек.
4. Осы Саясаттың мақсаттары үшін, Биржа өз ақпаратын келесі түрлері бойынша топтастырады:
 - 1) көпшілікке арналған ақпарат (анықтамасы осы Саясаттың 3 бабында берілген);
 - 2) таратылуы шектеулі ақпарат (анықтамасы осы Саясаттың 4 бабында берілген);
 - 3) ішкі ақпарат (түсініктемесі осы Саясаттың 5 бабында берілген).

2 бап. Биржа ақпараттарын ашудың негізгі принциптері

1. Биржа өз ақпараттарын ашқанда және таратқанда келесідей принциптерге жүгінеді:
 - 1) оперативтілік;
 - 2) ақпарат пайдаланушыларына көпшілікке арналған Биржа ақпараттарына қол жеткізудің тең мүмкіншілігі;
 - 3) актуалдылық және объективтілік;
 - 4) Биржа мүмкіндіктері мен құзіреттілігі шегінде Биржа ақпаратын шынайы және толық ашу;
 - 5) Биржаның, коммерциялық ұйым ретінде, мүдделерін сақтау және ақпараттың ашықтығы арасында саналы баланстың бар болуы;
 - 6) инсайдерлік ақпараттың құпиялығы мен қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету.

2. Биржа ақпаратын көпшілікке таратудың негізгі көзі Биржаның сайты болып табылады.

3 бап. Көпшілікке арналған ақпарат

1. Осы Қағидамен реттеу мақсаттары үшін көпшілікке арналған ақпарат деп, Биржа сайтында және өзге де амалдармен орналастырылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес шектеусіз сан тұлғалар арасында ашылуға жататын, Биржа ақпаратын түсіну керек.
2. Биржаның көпшілікке арналған ақпараттарына, Биржаның ішкі құжаттарымен осындай ақпараттар деп анықталған, және Биржа шектеусіз сан тұлғалар арасында ресми түрде ашатын өзге де ақпараттар, соның ішінде:
 - 1) баспасөз-релиздері;
 - 2) ақпараттық анықтамалар;
 - 3) имидж және жарнамалық материалдары;
 - 4) ресми сөз алулар, мәлімдемелер, сондай-ақ Биржаның лауазымды тұлғаларының және басқа да өкілденген қызметкерлерінің комментарийлері мен сұхбаттарының материалдары;
 - 5) Биржаның негізгі құрылымдық бөлімшелері туралы ақпараттар, Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің және жеке сұрақтар бойынша арнайы өкілденген Биржа қызметкерлерінің (Биржа Басқармасының, Биржалық кеңестің және Биржаның басқа да органдарының тікелей телефондарынан басқа) жалпы телефондарының нөмірлері;
 - 6) Биржа немесе Биржаның өкілденген немесе өкілденбеген тұлғалары, Биржалық ақпараттарды тарату Ережелерін¹ сақтай отырып, осы ақпаратың қайнар көзі ретінде Биржаға сілтеме беріп, ресми түрде жариялаған, Биржа туралы, Биржа мүшелері, биржалық нарық, Биржа өткізетін сауда-саттықта айналысқа жіберілген қаржы құралдары олардың эмитенттері туралы ақпараттар;
 - 7) Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Биржаның бастамасымен, Биржаның сайтында жарияланатын, Биржаның қаржылық есеп берушілігі және Биржа туралы өзге де ақпараттар жатады.
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануға жататын, өзге де ақпарат.

4 бап. Таратылуы шектеулі ақпарат

1. Осы Қағидамен реттеу мақсатында таратылуы шектеулі ақпараттар деп, биржаның ішкі құжаттарында анықталғандай, көпшілікке арналмаған ақпараттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, оған қол жеткізу және/немесе таратылуы шектелген ақпараттарды түсіну керек.
2. Таратылуы шектеулі ақпараттарға, Биржа үшін, оның серіктестері, реттеушісі және басқа да мемлекеттік органдар үшін коммерциялық және кез келген өзге құндылығы бар ақпаратқа жатады, оларға Биржа өз қызметінің маманданымы күшінде қол жеткізеді, олар: құпия (коммерциялық және қызметтік) және инсайдерлік ақпараттар.

¹ Бұл құжат Биржалық кеңестің шешімімен (2011 жылдың 28 сәуіріндегі № 10 отырыс хаттамасы) бекітілген және осы құжатта "биржалық ақпарат" деп анықталған, "Биржа ақпаратын таратудың құрамы мен негізгі шарттарын анықтайды.

Осы Саясаттың мақсаттары үшін коммерциялық құпия деп, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңымен, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарымен және/немесе оның келісім-шарттарымен осындайға жатқызылған, үшінші жақтарға беймәлімділігі күшімен шынайы немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, ақпаратты түсіну керек.

Осы Саясаттың мақсаттары үшін инсайдерлік ақпарат деп, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңымен, сондай-ақ Биржаның ішкі құжаттарымен және/немесе оның келісім-шарттарымен осындайға жатқызылған, үшінші жақтарға беймәлімділігі күшімен оның ашылуы қаржы құралдарының нарықтық бағаларына елеулі ықпал ете алатын, ақпаратты түсіну керек.

3. Таратылуы шектеулі ақпараттарды үшінші жақтарға ашық тарату, Биржаның, оның серіктестерінің, реттеушісінің және мемлекеттік органдарының қызметіне залалын тигізеді, немесе осындай залал тиюдің тәуекелін туындатады.
4. таратылуы шектеулі ақпараттарды беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен реттеліп, осындай құжаттарға қол жеткізудің айрықша тәртібін анықтайды.
5. Таратылуы шектеулі ақпараттарды қорғау бойынша Биржа барлық ықтимал шараларды қолданады, соның ішінде осындай ақпараттың құпиялығын сақтау мақсатында, онымен жұмыс істеудің қажетті жұмыс тәртібін қамтамасыз етеді.
6. Биржаның лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен жасалатын еңбектік келісім-шарттарында таратылуы шектеулі ақпараттарды жариялағаны үшін жауапкершілігі туралы шарт міндетті түрде енгізіледі.

5 бап. Ішкі ақпарат

1. Осы Саясаттың мақсаттары үшін ішкі ақпараттар деп, Биржа органдарымен, Биржа қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын және қолданылатын, кез келген ақпараттар және ішкі құжаттар деп түсіну керек.
2. Ішкі ақпарат көпшілікке арналмаған ақпарат санатына жатқызылады және оны үшінші жақтарға беру тек Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе лауазымды тұлғалардың және/немесе Биржаның жетекші органдарының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

2 тарау. БИРЖА АҚПАРАТЫН АШУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕ ТҰЛҒАЛАРМЕН АҚПАРАТТЫҚ ӨРЕКЕТТЕСТІГІ

6 бап. Биржа ақпаратын тарату формасы

1. Биржа ақпараты:
 - 1) электрондық түрде беру (Биржа сайтындағы ашық жариялау, жеке электрондық құжаттарды, басқа да Интернеттің және корпоратив ішіндегі желілік ресурстарды топтық тарату) арқылы;
 - 2) имидж, жарнамалық, ақпараттық және басқа да басылым материалдары күйінде, басылым түрінде;
 - 3) ауызша түсініктер беру арқылы;
 - 4) аудиовизуалды нысанында (бейне роликтері, корпоративтік фильмдер, сюжеттер; бейне-сөз сөйлеу немесе теле- радиобағдарламаларындағы сұхбаттар, фотосуреттер, слайдтар және өзге де визуалды таныстырулар) арқылы ашылуы мүмкін.

7 бап. Ақпараттарды ашу және таратудың жалпы тәртібі

1. Ақпараттарды ашу және таратудың жалпы тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында реттеледі.
2. Биржа ақпараттарын алуға жазбаша сұраныстарды өңдеу тәртібі шығыс және кіріс хат-хабарымен жұмыс жасауға қатысты Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

8 бап. Ақпараттарды тарату ерекшеліктері

1. Көпшілікке арналған ақпараттарды дайындау және тарату, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.
2. Биржа қызметкерлері көпшілікке таратылған ақпаратты өз жұмысында да, үшінші жақтарға беру үшін де пайдалана алады.
3. Биржа сайтында ашық түрде орналастырылған ақпаратты (Қазақстан Республикасының заңнамасына және реттеушінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ашылуы талап етілетін ақпараттан басқасын) кез келген уақытта Биржа қарап шешуі бойынша Биржа сайтының пайдаланушыларын алдын ала ескертпей алып тастауы мүмкін.
4. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, Биржа қызметкерлері, қандай болмасын жеке мақсаттарға пайдалануына, сондай-ақ үшінші жақтарға таратуға ешқандай құқы жоқ.

9 бап. Ақпараттарға түсінік беру ерекшеліктері

1. Ресми мәлімдемелерді (яғни, Биржа органдарының жеке сұрақтар бойынша, осы органдардың құзіреттілігі шегінде, ресми пікірін көпшілікке жариялау) тек Биржаның лауазымды тұлғалары ғана немесе, әр нақты мәлімдеме беру үшін Биржа жетекшілігімен жеке тағайындалған, Биржаның өкілденген қызметкерлері ғана құқылы.
2. Биржа үшін беделдік тәуекелі бар Биржа қызметінің стратегиялық және проблемалық мәселелері бойынша түсінік беруге тек Биржаның лауазымды тұлғалары немесе әр нақты түсінік беру үшін Биржа жетекшілігімен жеке тағайындалған, Биржаның өкілденген қызметкерлері ғана құқылы.
3. Осы баптың 2 тармағында аталмаған мәселелер бойынша түсінік беруге, Биржаның лауазымды тұлғаларынан басқа, Биржаның өкілденген қызметкерлері де құқылы. Өкілденген қызметкерлер тізімі және осындай түсінік берудің тәртібін Биржа Басқармасымен немесе өкілденген қызметкерлердің қызметтік нұсқаулықтарында анықталады.
4. Биржалық кеңестің Төрағасы және Биржа Президенті өз атынан да, тиісінше, Биржалық кеңес атынан және Биржа Басқармасы атынан түсінік бере алады.
5. Биржаның лауазымды тұлғалары және Биржаның өкілденген қызметкерлері:
 - 1) ресми жарияланымға дейін – Биржаның қаржылық-шаруашылық қызметінің жылдық және/немесе аралық нәтижелері, сондай-ақ оларға қатысты кез келген болжамды;
 - 2) Президент немесе, осы ақпаратты ашу және тарату сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесімен келіспей, таратылуы шектеулі ақпаратқа;
 - 3) Биржа акционерлерінің жиналысының, Биржалық кеңес және Басқарма отырысының немесе Биржаның басқа да органдарының қарауына жататын сұрақтарға – осы органдар аталмыш сұрақтар бойынша шешім қабылдағанға дейін түсінік бере алмайды.

6. Лауазымды тұлғалар және Биржаның өкілденген қызметкерлері Биржа атынан:
 - 1) тексерілмеген ақпаратқа және/немесе бейресми көздердің ақпараттарына;
 - 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шешімдеріне, осы шешімдер бойынша кез келген тұлғалардың пікір айтуларына және түсініктеріне²;
 - 3) Биржа қызметіне немесе қаржы нарығына тікелей байланысы жоқ басқа да сұрақтарға түсінік бермейді.
7. Осы баптың 5 тармағының 1)-3) тармақшаларында және 6 баптың 1)-3) тармақшаларында аталған сұрақтар бойынша түсініктер айрықша жағдайларда Биржалық кеңестің немесе Биржа Басқармасының шешімімен (түсінік беретін Биржаның лауазымды тұлғасының немесе өкілденген қызметкерінің мәртебесіне қарай) берілуі мүмкін.

10 бап. Биржаны бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара ақпараттық қызметінің тәртібі

1. Биржа, Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаға және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарымен (бұдын әрі - БАҚ) белсенді және тиімті өзара қызметін жүзеге асырады.
2. Биржа БАҚ өкілдерімен келесідей амалдармен өзара қызметті жүзеге асырады:
 - 1) баспасөз-хабарламаларын және Биржаның қызметі мен қаржы нарығындағы уақиғалар туралы басқа да ақпараттық материалдарын жариялауға ұсынады;
 - 2) БАҚ үшін және олардың қатысуымен баспасөз-конференцияларын, семинарларды және басқа да көпшілікке арналған іс-шараларды өткізеді;
 - 3) БАҚ өкілдерімен өкілденген қызметкерлердің кездесулерін, түсінік берулерін және сұхбаттарын ұйымдастырады.

11 бап. Биржаның мемлекеттік органдарға ақпараттар ашуы

1. Ретеушілерге және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарға ақпарат ашу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес, жүзеге асырылады.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен ашылуы бойынша талаптар қойылмаған ақпараттарды уәкілетті мемлекеттік органдарға ашу, Биржа Президентінің немесе Биржа ақпаратын тарату сұрақтарына жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің рұқсатымен ғана, жүзеге асырылады.

12 бап. Биржа акционерлерімен және органдарымен ақпарат алмасуы

Биржа акционерлерімен және Биржалық кеңес мүшелерімен ақпарат алмасу, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, тәртіпте жүзеге асырылады

² Бұл норма, мемлекеттік реттеуші органдардың қызметкерлері болып табылатын және осындай түсінік беруге құқылы, Биржаның лауазымды тұлғаларына қолданылмайды.

13 бап. Еншілес ұйымдармен, аудиторлармен және "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" акционерлік қоғамымен ақпарат алмасу

Биржаның еншілес ұйымдарымен, Биржаның жылдық қаржылық есебіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйыммен, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ өзара ақпараттық қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына және тиісті келісім-шарттардың шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14 бап. Басқа мүдделі тұлғаларға ақпарат беру

Биржа ақпаратын Биржа серіктестеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға Биржа ақпаратын ашу, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ тиісті келісім-шарттардың шарттарына сәйкес, жүзеге асырылады.

3 тарау. ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР

15 бап. Биржа бренді үшінші жақтармен пайдалану

1. Биржа бренді пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.
2. Биржа бренді үшінші жақтармен пайдалануы, Биржа Президентінің немесе, Биржа ақпараттарын тарату сұрақтарына жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесінің жазбаша рұқсатымен, соның ішінде тиісті келісім-шарттар негізінде, жүзеге асырылады. Биржа бренді пайдаланғаны үшін Биржа ақы алуға құқылы. Осындай ақы алудың көлемі мен тәртібін Биржа және оның бренді пайдалануды көздеген / пайдаланатын тұлға арасындағы келісім-шартта белгіленеді.
3. Осы Саясаттың мақсаттары үшін:
 - 1) Биржа бренді деп, оның өнімдері мен қызметтері туралы (барлық нысандағы атауы, логотипі және басқа да визуалды элементтері, шрифті, дизайны және қолданылған түсімен қоса), Биржаны осы өнімдер мен қызметтердің түпнұсқалы жеткізушісі ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпараттар кешенін түсіну керек;
 - 2) Биржа бренді пайдалану деп бренд элементтерін үшінші жақтардың ресми сайттарында және жеке имидж немесе жарнамалық тасымалдағыштарында орналастыру, сондай-ақ, "Биржалық ақпараттарды тарату Ережелерінің" күші қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Биржаға сілтемелер беруді түсіну.

16 бап. Беделдік тәуекелдерді жоққа шығаруға бағытталған, іс-шаралар

1. Биржа үшін беделдік тәуекелдерге әкеп соғуы ықтимал, ақпараттарды анықтау мақсатында, Биржа ақпараттық ресурстардың (соның ішінде БАҚ) үздіксіз мониторингін жасау үшін бар күш-жігерін жұмсайды.
2. Биржаға беделдік залалын тигізу мүмкіндігімен байланысты жағдайларды реттеу, сондай-ақ олардың залалын жою және/немесе неғұрлым азайту бойынша іс-шараларды Биржа Басқармасы жүзеге асырады.

17 бап. Персоналды ақпараттандыру

1. Биржа өз қызметкерлерін маңызды көпшілік уақиғалары және Биржалық қызмет аясындағы, сондай-ақ ішкі бизнес-үдерістерді реттеуге қатысты шешімдер туралы уақытылы және толық көлемде ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

2. Биржа өз ұжымы арасында қаржы нарығындағы уақиғалар туралы тексерілмеген ақпараттардың және Биржа қызметкерлері туралы жеке ақпараттардың таралуының алдын алу бойынша бар күш-жігерін жұмсайды.

18 бап. Қағидалардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар

1. Ақпараттарды дайындау, келісу, мазмұнын бақылау және ақпараттарды ашу мерзімдерін орындаудың сенімді механизмдерін қамтамасыз ету; құжаттардың тиісті түрде сақталуын, ақпараттық ресурстардың функционалдығы мен қорғалуы бойынша Биржа бар күш-жігерін жұмсайды.
2. Осы Қағидалардың орындалуын бақылауды Биржа Басқармасының мүшелері, өз өкілеттіліктеріне сәйкес, жүзеге асырады.

Президент

Қ.Қ.Дамитов